



## Еріктілердің еңбегі еленді



**«Nur Otan» партиясының Орталық аппаратында коронавируспен күрес жағдайында мұқтаж азаматтарға қолдау көрсету бойынша «Birgemiz» республикалық акциясына қатысқан ең белсенді еріктілер марапатталды. Оларға еліміздің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың атынан алғыс хат тапсырылды.**

Таяуда партия лидері қазақстандық әрбір еріктіге өз ықыласын білдіріп, алғыс хаттарға қол қойған еді.

«Төтенше жағдай кезінде «Jas Otan» бүкіл ел бойынша бес мыңнан астам еріктіні жұмылдырды. Олар демалыссыз жұмыс істеп, мұқтаж адамдарға көмек жеткізді. Нағыз патриоттардың, жауапкершілігі мол жас көшбасшылардың жаңа буыны қалыптасқаны қуантады. Олардың ең белсенділеріне арналған алғыс хаттарға қол қойдым», – деген еді Нұрсұлтан Назарбаев.

Салтанатты шара барысында «Nur Otan» партиясы төрағасының бірінші орынбасары Бауыржан Байбек «Jas Otan» жастар қанатының волонтерлері бүкіл ел бойынша 250 мыңнан астам отбасына азық-түлік себеттерін, бетперделер мен ең қажетті заттарды жеткізіп бергенін атап өтті. Жасотандықтар алғашқылардың қатарында Мақтаарал ауданына аттанып, қазіргі кезде 500-ден аса жас су басудан зардап шеккен ауыл тұрғындарына тегін көмек көрсетуді жалғастырып жатыр.

– Өздеріңіз білетіндей, Елбасының бастамасымен «Nur Otan» партиясы Мемлекет басшысының қолға алған дағдарысқа қарсы шараларына қосымша мұқтаж қазақстандықтарға қарқынды көмек көрсетіп жатыр. Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен құрылған «Birgemiz» қорының желісі бойынша меценаттардың қолдауымен 470 мыңнан астам отбасы 50 мың теңгеден біржолғы төлемақы алды. Тұңғыш Президент қорымен бірге аса мұқтаж отбасыларға атаулы қолдау көрсету ұйымдастырылды. Осынау жұмыстарды атқаруда еріктілеріміздің рөлі зор болды. Бұл ретте 2019 жылды Нұрсұлтан Әбішұлы «Жастар

жылы» деп атаса, ал 2020 жылды ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Ерікті жылы» деп жариялауы символдық мәнге ие болды. Сіздер өз отаншылдықтарыңызды, азаматтық пен жанашырлықтарыңызды таныта отырып, бүкіл қазақстандық жастарға үлгі көрсеттіңіздер, – деді Бауыржан Байбек.

Сонымен бірге төрағаның бірінші орынбасары жастарды алдағы партияшілік таңдау – праймеризге қатысуға шақырды.

«Өткен аптада партия лидері биылғы 17 тамыздан 3 қазанға дейінгі аралықта Праймериз өткізу туралы қаулыға қол қойған еді. Біздің мақсатымыз – алдағы Мәжіліс пен барлық деңгейдегі мәслихаттарға сайлауға партиялық тізімдер қалыптастыру үшін жаңа лидерлерді анықтау бойынша барынша ашық әрі бәсекелестік негізде іріктеу өткізу. Бұл ретте 35 жасқа дейінгі жастарға – 20%, ал әйелдер үшін – 30% квота көзделген. Осы арқылы біз дарынды да бастамашыл жастарымыз үшін партиялық «әлеуметтік лифтіні» қамтамасыз етпекпіз», – деді Бауыржан Байбек.

Осы аптаның ішінде Нұрсұлтан Назарбаевтың атынан алғыс хаттармен үш мыңдай қазақстандықты марапаттау жоспарланғанын атап өткен жөн. Олардың арасында партияның өңірлік филиалдарының еріктілері мен белсенділері, сондай-ақ қайырымды меценаттар бар.

– Төтенше жағдай режимі енгізілген кезде көптеген адамдар қиын жағдайға тап болды. Менің оларға қандай да бір көмек бергім келді. Әлеуметтік желілерден «Nur Otan» партиясы мұқтаж азаматтарға азық-түлік жеткізіп беріп жатқанын және бұл іске көмек беретін еріктілер қажет екендігін білгеннен кейін мен бірден хабарластым. «Biz Birgemiz» секілді ауқымды акцияға қатысқанымға шексіз ризамын, – деп ерікті Эльмира Айғалиева өз әсерін бөлісті.

«Jas Otan» жастар қанаты белсенділерінің бірі Сергей Матюшенко өз кезегінде Елбасының алғыс хатын алу ерекше мәртебе екенін және адамдарға көмек көрсетуге қосымша күш-жігер сыйлайтынын атап өтті.

Қазақпарат



2-бет

### Қазақстан мен Қырғызстан шекараға қатысты келісті

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Асқар Мамин Қырғызстан Республикасының Премьер-Министрі Мухаммедкалый Абылгазиевпен телефон арқылы сөйлесті.



4-бет

### Әйелдердің құқығын қорғау – отбасының құқығын қорғау

Әр әйел – Ана. «Ана алақанының аясы – ақ шынардың саясы» дегендей, ананың арысы әлемнің, берісі бір ұлттың шамшырағы екенін айтпағанда, әйел – әр шаңырақтың жүрегі.



5-бет

### Антына адал аға лейтенант

Төтенше жағдайға байланысты карантин кезінде тосқауыл бекеттерінде қызмет атқарған полицейлердің қай-қайсысымен тілдессеңіз де, олардың түрлі тосын оқиғалардың куәсі болып, шұғыл шешімдер қабылдағанын естіп-біліп жатамыз. Бүгінгі кейіпкеріміз Нұр-Сұлтан қаласы ПД полиция басқармасының мамандандырылған батальонының аға инспекторы, аға лейтенант Ерлан Исаевтың ерлігі өз алдына бөлек әңгіме.



8-бет

### Пианиношы полицей

Оның өнерге деген құштарлығы небәрі бес жасында оянған. Шынашақтай қыз радиодан Людвиг ван Бетховеннің «К Элизе» көркем туындысын тыңдай қалып, оны дереу аспапта ойнағысы келіп кеткен. Ойын баласының бекзат өнерге жақын болуы – екінің бірінің бойына даритын қабілет емес.

## Шымкент үздік үштікте

**Армениядан әкелінген автокөліктерді тіркеу бойынша Шымкент қаласы үздік үштікті аяқтады.**

1 маусымнан бастап еліміздің барлық аймақтарында бір уақытта Армения мемлекетінен әкелінген автокөліктерді тіркеу жұмыстары басталды.

Алғашқы 10 күннің нәтижесінде Шымкент қаласы Полиция департаменті 110 автокөлікті тіркеп үлгерген. Атырау, Маңғыстау облыстарынан кейінгі үздік үштікті Шымкент қаласы жалғап отыр. Бұл бағыттағы жұмыстар мұнымен бітпейді. Аталмыш департаменттің Әкімшілік полиция басқармасының қызметкерлері Мамандандырылған халыққа қызмет көрсету орталықтарында Армениядан әкелінген автокөліктерді тіркеу ісіне қатысты жүргізушілерге тиісті кеңес береді.

Сондай-ақ Патрульдік полиция полкінің қызметкерлері армениялық нөмірлері бар автокөліктерді тоқтатып, жүргізушілерге жадынамалар таратып, түсіндірме жұмыстарын жүргізіп жатыр.

Автокөлікті 11 мың 946 теңге төлеп, 15-20 минуттың ішінде тіркеуге болады.

Тіркеу құнына: – 695 теңге – тіркеу үшін алым; – 3 773 теңге



– көлік құралын тіркеу куәлігі үшін баж; – 7 778 теңге – мемлекеттік нөмір үшін баж кіреді.

Шымкенттіктер Армениядан 2020 жылдың 1 ақпанына дейін әкелінген автокөліктерді тіркей алады.

Тіркеу биыл маусымнан бастап 1 қыркүйекке дейін жүргізіледі.

Polisia.kz

ҚЫТАЙ

**МҰХИТТАРДЫ БАҚЫЛАЙ-  
ТЫН СПУТНИК**

«Қытай мұхиттарды зерттеу және бақылау үшін «Haiyang-1» азаматтық спутнигін орбитаға ұшырды» деп хабарлады Қытайдың ғарыштық ғылым және технология корпорациясы (CASC).



Спутник бейсенбі күні «Тайюань» ғарыш айлағынан жіберілді.

«Haiyang-1» негізінен, мұхиттардың түсі мен температурасын, жағалау аймақтарындағы және теңіз аудандарындағы экологиялық өзгерістерді бақылау үшін, сондай-ақ табиғи апаттарды болжау және ескерту үшін қолданылады.

24Хабар

АҚШ

**ОРМАН ӨРТІ ӨРШІДІ**

АҚШ-тың Калифорния штатында орман өрті қайта өршіді. Бұған аймақтағы ауа райы себеп.

Тілсіз жау Сан-Франциско шығанағының маңындағы Суисан қаласында басталды. Ақпарат көздері қызыл жалын жеті тұрғын үйді күлге айналдырғанын хабарлайды. Уинтерс ауданы да зардап шекті. Жергілікті билік аймақта қауіптіліктің қызыл деңгейін жариялады. Мамандар өртті өшіру үшін арнайы техника мен тікұшақтарды жұмылдырды. Апаттан жарақат алғандар мен мерт болғандар жайлы ақпарат жоқ.

Айта кетейік, өткен жылы Калифорнияда жеті мыңға жуық орман өрті тіркелді. Салдарынан 100 мыңнан астам гектар жер телімі мен 700-ден астам ғимарат жарамсыз күйге айналды. Үш адам мерт болды.

Baq.kz

БЕЛЬГИЯ

**АЛҒАШҚЫ ЭЛЕКТРЛІ ҰШАҚ**

Еуропалық авиациялық қауіпсіздік агенттігі әлем бойынша алғаш рет толық электр ұшаққа сертификат берді.

«Бұл – айрықша ұмтылыс. Авиациялық өнеркәсіп шу мен шығарындылар деңгейін төмендетуге, сондай-ақ авиацияның экологиялық тұрақтылығын арттыруға бағытталған жаңа технологияларға ұмтылады», - деп мәлімдеді агенттіктің атқарушы директоры Патрик Кай.



Жеңіл екі орындық Velis Electro ұшағын словениялық Pipistrel өндірушісі жасаған. Қанатының ұзындығы 10,71 метр болатын әуе кемесі 185 км/сағ жылдамдықпен ұшады, ең жоғары салмағы 600 келі және 3,6 км биікке көтеріле алады.

ҚазАқпарат

**Қазақстан мен Қырғызстан шекараға қатысты келісті**

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Асқар Мамин Қырғызстан Республикасының Премьер-Министрі Мухаммедкалый Абылгазиевпен телефон арқылы сөйлесті.



Әңгімелесу барысында Қазақстан-Қырғызстан мемлекеттік шекарасында барлық өткізу бекеттерін ашу және екі ел арасындағы кедергісіз жүк тасымалдарын қамтамасыз ету туралы уағдаластыққа қол жеткізілді. Со-

нымен қатар екі тарап коронавирус инфекциясының таралуына қарсы күрестегі және халықты COVID-19-дан қорғаудағы өзара іс-қимыл мәселелерін талқылады.

primeminister.kz.

**Бірыңғай оператор құрылды**

Қазақстанда тұрғын үй құрылысының бірыңғай операторы құрылды. Бұл туралы «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ баспасөз қызметі мәлімдеді.



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы 9 маусымда «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй бағдарламалары операторларының санын қысқарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қол қойды. Құжат нормаларына сәйкес тұрғын үй бағдарламаларының қазіргі операторлары «Қазақстан ипотекалық компаниясы» АҚ, «Бәйтерек девелопмент» АҚ, «Тұрғын үй құрылысына кепілдік беру қоры» АҚ, сондай-ақ «Даму» АҚ арқылы құрылыс салушыларды субсидиялау құралы «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ базасында құрылған Тұрғын үй құрылысының бірыңғай операторына біріктіріледі. Бұл шара жалпы әкімшілік шығыстарды кемінде 40%-ға азайту есебінен бюджет қаражатын үнемдеуге мүмкіндік береді. Штат саны да оңтайландырылады, оның ішінде басқару буыны шамамен үш есеге қысқарады. Бастапқы кезеңде Бірыңғай оператор мынадай функцияларды жүзеге асырады: 1) қолжетімді тұрғын үй құрылысын, оның ішінде

әкімдіктердің облигацияларын сатып алу тетіктері арқылы қаржыландыру; 2) құрылысты аяқтауға кепілдік беру арқылы халықтың үлестік салымдарының сақталуын қамтамасыз ету; 3) жеке құрылыс салушылардың коммерциялық кредиттері бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау; 4) әкімдіктер жанындағы уәкілетті ұйымдарға, сондай-ақ мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде тұрғын үй салуды жүзеге асыратын заңды тұлғаларға кредит беру; 5) инвестициялық жобаларды қаржыландыру және іске асыру; 6) әкімдіктерде кезекте тұрғандар үшін сатып алу құқығымен жалға берілетін тұрғын үй беру; 7) ипотекалық қарыздар беру және уәкілетті органның лицензиясы негізінде өзге де қызметтерді ұсыну. Аталған шаралар «Бәйтерек» холдингінің мемлекеттік бағдарламаларды тиімді іске асыруына және сингапурлық Тұрғын үй құрылысы және даму кеңесі (Housing and Development Board) үлгісіне көшуіне мүмкіндік береді.

ҚазАқпарат

**Ескі 500 теңге айналымнан шықты**

Қазақстан Ұлттық Банкі 2020 жылғы 10 маусымда 2006 жылғы үлгідегі номиналы 500 теңгелік банкноттардың қатар айналысы кезеңінің аяқталатынын мәлімдеді.

«2020 жылғы 10 маусымнан кейін 2006 жылғы үлгідегі номиналы 500 теңгелік банкноттар заңды төлем құралы болып саналмайды. Сонымен бірге 2017 жылғы үлгідегі номиналы 500 теңгелік банкноттар айналыста болады және төлемдердің барлық түрлері бойынша Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында көрсетулі құны бойынша, сондай-ақ банк шотына есепке алу және аудару үшін қабылдауға, барлық банктер мен Ұлттық пошта операторы шектеместен ұсақтауға және айырбастауға міндетті болып қала береді», - делінген хабарламада.



Сондай-ақ Ұлттық банк 2020 жылғы 10 маусымға дейін қоса алғанда ескі үлгідегі банкноттарды төлем құралы ретінде қабылдаудан бас тартуға жол берілмейтінін де атап өтті. Заңды төлем құралы болып саналатын банкноттар мен монеталарды қабылдаудан бас тарту әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасы Кодексінің 206-бабын бұзуға әкеп соқтырады.

Ескі және жаңа үлгілердегі банкноттардың қатар айналысы кезеңінде 2006 жылғы үлгідегі номиналы 500 теңгелік банкноттарды қабылдаудан бас тарту фактілері туындаған жағдайда, тиісті шаралар қабылдау үшін Ұлттық Банктің аумақтық филиалына өтініш жасау қажет.

Egemen.kz

**Итбалықтар адамдарға шабуылдауда**

Соңғы санаулы күннің ішінде Маңғыстау облысында итбалықтың адамды тістеген алты дерегі тіркелді.

Оның ішінде Түпқараған ауданының бес тұрғынына 8 маусым күні кешқұрым суға шомылып жүргенде итбалықтар шабуыл жасаған. Жандәрмен судан шыға қашқан адамдар дереу жедел жәрдем шақырады, олардың үшеуі – ойын баласы. Ең үлкені жиырма, кішісі алты жаста ғана.

«Дәрігерлер су жануары олардың иығынан, қолынан тістеп алғанын анықтады. Бәрінің жарасын емдеп, құтыруға қарсы екпе салғаннан кейін үйлеріне жібердік, ауруханаға жатқызуға қажеттілік болған жоқ» деп хабарлайды Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасының баспасөз қызметі.

– Бейбіт жануарлардың адамға аяқ астынан неге шабуылдап кеткені түсініксіз. Ақтауда осыдан жиырма шақты жыл бұрын осындай бір оқиға болды, бірақ, оның нақты себебі болған.



Меніңше, итбалықтар балықтарды аулау үшін жағаға жақындап келген болуы мүмкін. Ол жерде көп кісі шомылып жүргенін, тамақтана алмай, ызаланған болар деген болжам бар, – дейді «Эко Маңғыстау» үкіметтік емес ұйымының жетекшісі Кирилл Осин.

Алайда итбалықтардың не себепті судан жағалауға шығып кетіп, шомылушыларды қуғанын ешкім түсіндіріп бере алар емес. Әзірге облыс дәрігерлері адамдарды суға түскенде сақтық шараларын сақтауға шақырып отыр.

Inbussines.kz

## Бас полицей азаматтарды қырағы болуға шақырды



Қашықтықтан сатып алу, онлайн-қызметтер тәжірибесін оқшаулау режимінде интернет-алаяқтардың саны (4,2 мыңға дейін) өсті.

Ішкі істер министрінің айтуынша, Алматы қаласындағы ИМ жанындағы киберқылмыспен күрес орталығы жалған крипто-валюталарды сату арқылы 1,3 млрд теңгеге 800-ге жуық азаматты алдағандарын анықтады. Елдің бас полицейі, сонымен қатар, «Тиімді қарыз», «Гарант 24 Ломбард», «ESTATE Ломбард» шағын несиелік ұйымдары базасында қаржы пирамидаларының құрылтайшылары мен ұйымдастырушыларын ұстау бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы хабардар етті.

Министрдің ақпараты бойынша, компанияның үш құрылтайшысы және өңірлік филиалдардың 25 басшысы ұсталды (жетеуі іздестірілді). Аталған қылмыстық іс ИМ басшысының жеке бақылауында.

Polisia.kz

## Полиция майоры алғыс айтты

«Мейірімділік әлемді сақтайды». Мамыр айында қиындыққа тап болған полиция майоры Андрей Литвиненко бұған сенімді. Осыдан бір айға жуық уақыт бұрын Мамлют ауданы полиция бөлімінің аға инспекторы және оның зейнеткер анасы өрттің құрбанына айналып, үй-күйсіз қалды. Бір сағаттың ішінде олардың үйі мен барлық қора-қопсысы күлге айналған. Андрей Владимирович сол түнгі оқиғаны күрсініп есіне алады. Тек әріптестері мен көмек қолын созғандардың қолдауы сол қиындықты жеңуге көмектескен.

Динара САҒЫНДЫҚОВА,  
СҚО

– Көмек қолын созғандардың бәріне алғысым шексіз. Мені танитын да, танымайтын да адамдар көмек көрсеткенін білемін. Үйге жұмсалған қаражаттың негізгі бөлігін облыстық Полиция департаментінің, Мамлют ауданы полиция бөлімінің, басқа да аумақтық бөліністердің қызметкерлері, сонымен қатар өзге өңірдегі әріптестеріміз жинап, үлкен көмек көрсетті. Көршілер, достар, туыстар, еріктілер, прокуратура, әкімдік, аудандық аурухана қызметкерлері қолдарынан келген көмектерін аяған жоқ. Ардагерлер тек материалдық көмек көрсетіп қана қоймай, бір кісідей жұмылып, өртеніп кеткен заттардан таза-лауға көмектесті, – дейді Андрей Литвиненко.

Облыстық полиция ведомствосы әріптесімен болған қайғылы оқиғаны біле сала, дереу қаражат жинауды ұйымдастырған.

– Өзара көмек қолын созу, қиын кездерде қолдау көрсету кез келген қиындықты жеңуге күш пен сенім береді. Өмірді басынан бастау қиын, бірақ қандай жағдай болмасын, ортақ күш-жігердің арқасында тығырықтан шығуға болады. Әріптестерің қиындықта қалдырмай, жеке құрамның саналы түрде, жауапкершілікпен қолдау көрсеткені қуантады, – дейді Литвиненко отбасының жағдайына алғашқы болып қолдау көрсеткен Солтүстік Қазақстан облысы Полиция департаментінің бастығы, полиция полковнигі Марат Төлебаев.

Любовь Андреевнаның офицер баласымен тұрып жатқан үйінің ақшасы бір айдың ішінде жиналды. Оның айтуынша, 11 мамырға қараған түні үйден түтіннің иісі шыққан. Өрттің кіреберісте тұрған тоңазытқыштан шыққаны белгілі болды. Бірнеше



минуттың ішінде өрт үй мен қора-қопсыны ораған. Алғашқы болып көршілері көмекке келген. Андрей жанталасып үйден газ баллонды шығарып үлгерген, екінші жарылғыш затты өрт сөндірушілер алып шығады. Өрт сөндіру қызметкерлерінің жедел жұмысына, көршілердің көмегіне қарамастан, өрт жақын маңдағы салынған қора-қопсыны жалмап үлгерген. Үй иесі мен көршісіне кардиологтардың көмегі қажет болды. Олар, жедел жәрдеммен аудандық ауруханаға жеткізіледі. Қазір олардың денсаулығына ешқандай қауіп жоқ.

– Ақшамен, тамақпен және қажетті заттармен қолдарынан келгенше көмектескен барлық адамға ризашылығымды білдіремін. Біздің ештеңеміз қалмады, тек құжаттарымызды алып үлгердік. Біз бұл үйді өзіміз салған едік. Балалар осында өсті. Ұлымның жанашыр әріптестері мен жерлестеріміздің арқасында біз баспаналы болдық, – деп Любовь Литвиненко жиналған ақшаға үй сатып алғандарын айтты.

## Ажалдан аман алып қалды

Таяуда Ақсу қаласының шағын ауданындағы жағажай маңында 1993 жылы туған бойжеткеннің қыздың шомылу кезінде суға түншығып қалғаны туралы хабарлама келіп түсті.

Ербол ТЕМІРОВ,  
Павлодар облысы

Бойжеткен жағажайдың сыртындағы тыйым салынған жерде шомылған. Қыздың жанында болған құрбысы оған судан шығуға көмектесуге тырысқанымен, екеуі де судан шыға алмай қалады. «Ботаханова Т.Н.» жеке кәсіпкерлігіне тиесілі жеке жағажайдағы қоғамдық құтқарушылар бұл жағдайды дер кезінде байқап, оларды судан алып шығып, алғашқы жедел көмек көрсетті. Сонымен бірге құтқарушылар жедел медициналық көмек бригадасын шақырды.



Медициналық қызметкерлер зардап шегуші қызды Ақсу қалалық ауруханасына жеткізді. Қазіргі

уақытта дәрігерлер оның жай-күйі жақсы екенін хабарлады.

Қоғамдық құтқарушылар Данил Лятецкий, Василий Сабиев, Богдан Лаевский және Әділ Баспаковтың оқиға орнында дер кезінде жедел көмек көрсетуінің арқасында қыздың өміріне қауіп төнген жоқ. Василий Сабиев пен Әділ Баспаков биыл алғаш рет құтқарушы ретінде көмек көрсетумен айналысып жатыр, ал Богдан Лаевский мен Данил Лятецкий үшін бұл – екінші шомылу маусымы. Қоғамдық құтқарушыларды алғашқы көмек көрсетуге және батып бара жатқан адамдарды құтқаруға облыстық Төтенше жағдай департаментінің Өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметінің Жедел-құтқару жасағының қызметкерлері үйретеді.

## Қан тапсыру дәстүрге айналған

2020 жылдың 11 маусымында халықаралық донор күні қарсаңында Қызыл Жарты Ай қоғамының филиалы мен облыстық Қан орталығы ұйымдастырған «Донор бол және өз өміріңді сақта!» атты шара өтті.



Асылзат ТАЛҒАТҚЫЗЫ,  
Ақтөбе облысы

Полиция департаментінің жеке құрамы мен әр бөлімшеден 50-ден астам полиция қызметкері ақтөбеліктердің өмірі мен денсаулығын құтқаруға өз үлесін қосу үшін ерікті донор болды. Бұл құқық қорғау органдары қызметкерлерінің қатысуымен ұйымдастырылған алғашқы қайырымдылық акциясы емес. Бұл іс-шара дәстүрге айналып, жыл сайын өткізіліп келеді.

Полицияда көптеген тұрақты донорлар бар, олар мұқтаж науқастарға үнемі қан тапсыру міндетті деп санайды. Әкімшілік полиция басқармасы бастығының міндетін атқарушы Ерлан Әлимағамбетов – он жыл бойы қан тапсыратын тұрақты донорлардың бірі.


– Мен соңғы он жыл бойы қан тапсырып жүрмін. Менің ойымша, бұл мұқтаж пациенттерге үлкен пайда әкеледі. Менің қаным – II резус-теріс – сирек қан тобына жа-

тады. Мен кем дегенде жылына екі рет қан тапсырамын. Маған Ақтөбеден келген пациенттердің туыстары жиі қоңырау шалып, туыстарына қан тапсыруды сұрайды, – дейді Е. Әлимағамбетов.

Облыстық ПД Кадр саясаты басқармасының бастығы Жақсылық Нысаналиннің айтуынша, полиция қызметкерлері донорлық акцияларға белсенді қатысып, олардың көрсетудің қаншалықты маңызды екенін басқалардан жақсы біледі. Адал азаматтар ретінде полиция қызметкерлері апатқа ұшыраған адамдарға көмектесіп, тез арада сауығып кетулерін қалайды. Полиция қызметкерлері арасында ерікті донорлар саны жыл сайын артып келеді, – деді Ж.Нысаналин.

## Бір күнде – 16 мас жүргізуші

Жүргізушілер арасында көлік тәртібін арттыру, жол-көлік оқиғаларының санын азайту, сондай-ақ жол қозғалысы ережелерін бұзудың алдын алу мақсатында Ақмола облысының аумағында ағымдағы жылдың 4-12 маусымы аралығында жол-көлік оқиғаларын болдырмау бойынша алдын алу және түсіндіру жұмыстарына бағытталған «Қауіпсіз жол» республикалық жедел-алдын алу іс-шарасы өткізілуде.



Альмира МАНАТОВА,  
Ақмола облысы

ЖАШ кезінде қала сыртындағы жолдарда, сондай-ақ түнгі уақытта қалалар мен елді мекендерде патрульдік полиция жасақтарының қатары артты.

ЖҚЕ бұзушылықтарын анықтау бойынша жұмыстар жандандырылды, сонымен қатар жылдамдық режимін сақтау, басып озу, қарсы жүріп өту, маневр жасау, жол қиылыстары мен жаяу жүргіншілер өткелдерінен өту, қауіпсіздік белдіктерін тағу және балаларды ұстау құрылғыларын пайдалану мәселелеріне ерекше көңіл бөлінді.

Атап айтқанда, «Қауіпсіз жол» жедел алдын алу іс-шарасын өткізудің бірінші күні облыс аумағында 597 ЖҚЕ бұзушылық анықталды, оның ішінде 16-сы мас күйінде көлік құралын басқарғаны үшін, 5-і тиісті рұқсатсыз қайта жабдықтағаны үшін, 21-і көлік құралының қозғалысы кезінде ұялы телефонды пайдаланғаны үшін, 54-і белгіленген жылдамдықты арттырғаны үшін, 89-ы қауіпсіздік белдігін пайдаланбаға-

ны үшін, 56-ы жаяу жүргіншілермен жол берілген бұзушылықтар үшін, 59-ы көлік құралдарын құжаттарсыз басқарғаны үшін.

Айта кету керек, ағымдағы жылдың 5 маусымында патрульдік полиция батальонының қызметкерлері патрульдеу кезінде Көкшетау қаласы ПБ ЖБО инспекторларынан Н. Назарбаев даңғылы – Уәлиханов көшесінің қиылысында «Toyota Land Cruiser Prado» маркалы автокөлігінің жүргізушісі қауіпсіздік белдігін тақпай, автокөлік басқарғаны туралы ақпарат алды. Көлікті тоқтатып, полиция қызметкерлері тәртіп бұзушының ЖҚЕ ережелерін екінші рет бұзғанын, автокөлікті басқару кезінде ұялы телефон арқылы сөйлескені үшін бірінші рет бұзғанын анықтады. Полициялар ереже бұзушыны ҚРӘҚБтК 593-бабына сәйкес «Жолаушылар мен жүктерді тасымалдау, жол қозғалысы ережелерінде көзделген қауіпсіздік белдіктерін немесе мотошлемдерді пайдалану жөніндегі талаптарды сақтамау» бойынша жауапкершілікке тартты.



Әр әйел – Ана. «Ана алақанының аясы – ақ шынардың саясы» дегендей, ананың арысы әлемнің, берісі бір ұлттың шамшырағы екенін айтпағанда, әйел – әр шаңырақтың жүрегі. Осындай құрмет пен қасиетке ие әйелдерді зорлық пен зомбылықтан қорғау – қоғамның ғана емес, әр азаматтың міндеті. Өкінішке қарай, күнделікті тіршілікте әйелдер небір зорлық-зомбылыққа ұшырап жатады. Осыған орай, Алматы облыстық Полиция департаменті Жергілікті полиция қызметіне қарасты Әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау бөлімінің бастығы, полиция майоры Алтынай Рахымбергенқызынан облыста атқарылып жатқан жұмыстардың мән-жайына қанықтық.

– Алтынай Рахымбергенқызы, әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау қызметінің ішкі істер органындағы жауапты жұмыстардың бірі екені мәлім. Сіз басқарып отырған бөліністің қызмет көрсететін аумағы да ауқымды, яғни зорлық-зомбылыққа ұшырайтын әйелдер жиі тіркелетін шығар. Сонымен қатар елімізде жарияланған төтенше жағдай кезінде әсіресе, әйелдерге күш көрсету фактілерінің көбейіп кеткені де жасырын емес.

– Алматы облысы бойынша үш қала, 17 аудан бар, әрбір қала мен ауданда әйелдерге қатысты жасалатын қылмыстың алдын алу жұмысымен айналысатын инспекторлар бар. Біздің қызметтің негізгі міндеті – әйелдердің құқығын қорғау, олардың тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбанына айналмауы үшін құқықтық сауатын арттыру және құқығының қорғалатындығы туралы ақпараттық-насихаттық сипаттағы алдын алу жұмыстарын жүргізу.

Жыл басынан бері облыс аумағында отбасылық-тұрмыстық қатынаста барлығы 350-ден астам әйелге зорлық-зомбылық көрсету фактісі тіркелді. Елімізде жарияланған карантин кезінде полиция органының жұмысы қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жұмылдырылды, оның ішінде тұрмыстық-отбасылық сипаттағы зорлық-зомбылықтың алдын алуға бағытталды. Десек те карантин кезінде үйден шықпай отыру адамдардың, оның ішінде ерлі-зайыптылардың жүйкесіне салмақ салғаны рас. Соның кесірінен отбасылық жанжалдар көбейді. Ал мұндай жанжалдар кезінде әйелдердің зардап шегетіні белгілі. Мысалы, карантин кезінде отбасылық қатынаста әйелдерге зорлық-зомбылық көрсетудің 100-ге тарта дерегі тіркелді. Сонымен қатар отбасылық қатынаста 41 қылмыс тіркелсе, оның 19-ы әйелдерге қатысты жасалды. Бірақ өткен бес айда әйелдерге қатысты аса ауыр қылмыс тіркелген жоқ.

Облыс орталығы Талдықорған қаласының өзінде ғана Полиция департаментінің Жедел басқару орталығына отбасылық жанжалға қатысты күніне кемінде 7-8 хабарлама түседі. Әр хабарлама бойынша полиция қызметкерлері шешім қабылдап, әкімшілік хаттама толтырылады.

Жәбірленушінің қауіпсіздігін сақтау мақсатында біз ана мен баланы Дағдарыс орталықтарына жеткіземіз. Мысалы, карантин кезінде осындай орталықтарға облыс бойынша 11 ана және 31 бала жеткізілді. Оларға тегін түрде әлеуметтік, медициналық, психологиялық және құқықтық көмек көрсетілді. Төтенше жағдай кезінде қандай да бір құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында есепте тұрған және құқық бұзушылық жасауға бейім адамдармен әңгіме түрінде түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жұмысының нәтижелі болуына Талдықорған

## Әйелдің хақын қорғау – отбасының құқығын қорғау

қаласындағы «Әйелдерді қолдау орталығының» президенті Жанар Болатқызымен, Қазақстан «Дағдарыс орталығы одағының» төрайымы Зульфия Мухамедбекқызымен, «Араша» баспанасының директоры Маргарита Абдикаримқызымен, «Немолчи.kz» қоғамдық қорының жетекшісі Дина Тансаримен бірлесіп атқарылған жұмыстардың ықпалы мол болды.

Отбасылық жанжал бойынша 102 телефонына қоңырау тәуліктің кез келген уақытында түседі. Осындай кезде түннің қай уақыты екеніне қарамастан, инспекторларымыз жәбірленуші әйелдерді, балаларды Дағдарыс орталықтарына жеткізеді. Олар тек жеткізіп қана қоймай, жәбірленушінің арыз-шағымын тексеріп, құқық бұзушыға қатысты тиісті шаралар қабылдайды. Мысалы, халық тығыз орналасқан Іле ауданынан Д.Талимжанова, Қарасай ауданынан Э.Есенбаева, Талғар ауданынан Х.Тасыбаева, Еңбекшіқазақ ауданынан Р.Тюлюбековалардың еңбегін атап өткен жөн.

– Ал шалғай аудандардан зорлық-зомбылық бойынша шағым түскен жағдайда Дағдарыс орталықтарына қалай жеткізесіздер?

– Шалғай аудандар негізінен, қазақ аудандар болғандықтан, әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық фактілері сирек тіркеледі. Бұл жерде жергілікті халықтың «Бас жарылса, бөрік ішінде, қол сынса, жең ішінде» деген сөзінің ықпалымен шаңырақтың шайқалмауын ойлаған, көпшілікке жария болудан ұялған әйелдер шағымдана бермейді. Ал шағым түскен жағдайда олар Талдықорған қаласындағы немесе Алматы қаласындағы Дағдарыс орталықтарының қайсысына баруды өздері таңдайды. Жоғарыда аталған аудандар облыстың аумағына кірсе де, әйелдер көбінесе Алматы қаласындағы орталықтарды таңдайды.

– Зорлық-зомбылық дегенде, қарапайым тілмен айтқанда, әйелдер күйеулерінен таяқ жейді ғой. Сол өзінің жан-жарынан зорлық-зомбылық көрген әйелдердің ажырасатындары көп пе? Жоқ, әйел болған соң барлығына кешіріммен қарап, қайтадан татуласып кете ме?

– Шынын айтқанда, отағасынан мүлдем ат құйрығын кесісіп кететіндер сирек. Олардың арасында ширек ғасыр бірге тұрған ерлі-зайыптылар да болады. Жастары да салмақалы. Мұндайда әйелдер балаларының әкесін темір торға қаматуға қимай, кешірім беріп жатады.

– Темір тор демекші, әйелдерге зорлық көрсетушілерге қолданылатын жазалар туралы да айтып кетсеңіз.

– Ең жиі қолданылатын баптар – Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 73 - бабы. Мұнда отбасы-тұрмыстық қатынастар аясындағы құқыққа қарсы әрекеттер көзделген.

**Облыс орталығы Талдықорған қаласының өзінде ғана Полиция департаментінің Жедел басқару орталығына отбасылық жанжалға қатысты күніне кемінде 7-8 хабарлама түседі. Әр хабарлама бойынша полиция қызметкерлері шешім қабылдап, әкімшілік хаттама толтырылады.**

Құқық бұзушы жәбірленушіге, яғни отбасы мүшелеріне былапыт сөйлеп, қорлап тиіссе немесе кемсітсе, бірақ оның әрекетінде қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса, ескерту жасалады немесе бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алынады. Егер осы әрекеттер бір жыл ішінде тағы қайталанса, әкімшілік қамаққа алу мерзімі он тәулікке ұзарады. Ал мұндай әрекеттерді жүкті әйелдер және он төрт жасқа дейінгі балалары бар әйелдер, он сегіз жасқа толмаған адамдар, 1 және 2-топтағы мүгедектер, сондай-ақ елу сегіз жастан асқан әйелдер мен алпыс үш жастан асқан ер адамдар, он төрт жасқа толмаған балаларын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған ер адамдар жасаса, оларды ӘҚБК-тің 50 - бабында көзделгендей, әкімшілік қамаққа алуға болмайтындықтан, оларға бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынады. Денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіргендерге ескерту жасалады немесе он бес тәулікке дейін қамалады. Егер бұл әрекет бір жыл ішінде қайталанса, ескертусіз жиырма тәулікке дейін әкімшілік қамаққа алынады.

Әйелдердің көбісі зорлықшылардың осындай әрекеттеріне шағымданбай, көніп жүре береді. Мұның соңы денсаулыққа қасақана зиян келтіруге әкеліп соғатынына мән бермейді. Ондай жағдайда зорлық-зомбылық көрсетушінің үстінен Қылмыстық кодекстің 107- бабы бойынша іс қозғалады. Бұл бапта көзделген жаза – бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салу, не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не алты жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тарту, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеу, не сол мерзімге бас бостандығынан айыру. Жоғарыда айтқанымдай, мәселе осындай қалтаға ауыр айыппұлға немесе бас бостандығынан айыруға келіп тірелгенде, көптеген әйелдер кешірім беріп жатады. Ана болған соң балаларының болашағын, отбасының абыройын ойлайды.

Сондай-ақ ҚР «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Заңының

жетерлік. Сондықтан зорлық-зомбылыққа ұшыраған әйелдерді паналатуда ешқандай проблема жоқ деп айтуға болады.

– Әйелдердің құқығын ғана емес, олардың қауіпсіздігін де қорғауға атсалысатын тағы қандай органдар бар?

– Өз ішімізде, яғни ішкі істер органдарында әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау бөлінісі учаскелік инспекторлармен тығыз қарым-қатынаста жұмыс жасайды. Қандай құқық бұзушылық болмасын, ел ең алдымен, учаскелік инспекторға хабарласады. Әйел құқығын қорғаумен айналысатын мемлекеттік органдармен қатар, үкіметтік емес ұйымдар да бар. Карантин кезінде Алматы облысы «Антикор» орталығында «Адал көмек» жобасы аясында Полиция департаменті қызметкерлерінің және «Талдықорған әйелдерді қолдау орталығы» атты үкіметтік емес ұйымның, «Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына әлеуметтік көмек көрсету орталығы» өкілдерінің, Алматы



20-бабына сәйкес жәбірленушінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында құқық бұзушының мінез-құлқына қатысты бір ай мерзімге қорғау нұсқамасы шығарылады, яғни құқық бұзушыға жәбірленушінің мазасын алуға, зорлық-зомбылық жасауға, оны іздестіруге, ізіне түсуге, артынан баруға тыйым салынады да, осы тыйымның сақталуы жеті күн сайын тексеріледі. Шектеулерді бұзған жағдайда Әкімшілік кодекстің 461-бабымен қорғау нұсқамасын бұзғандығы туралы әкімшілік жауапкершілікке тартылады, соттың шешімімен ескерту немесе бес тәулікке қамауға алынады.

Жыл басынан бастап Алматы облысы бойынша 1657 құқық бұзушыға қатысты қорғау нұсқамасы шығарылды, 37 қорғау нұсқамасын бұзу дерегі анықталды.

облысының Заң консультанттары палатасы мүшелерінің қатысуымен «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу шаралары туралы» онлайн режимде интернет-конференция өткізіліп, оқшаулау жағдайында әйелдердің зорлық-зомбылыққа ұшырамауы туралы пікір алыстық, бірігіп атқарар жұмыстарды талқылады.

Бұл жерде ақпараттық насихаттың да маңыздылығын айта кеткен орынды. Мысалы, әйелдер құқығын қорғау ұйымдарымен бірлескен жұмыстар кезінде біз әйелдер қандай да бір зорлық-зомбылықтың құрбаны немесе куәгері болған жағдайда 102 нөміріне, Дағдарыс орталығының 13-01 сенім телефонына, республикалық 150 сенім телефонына зорлық-зомбылыққа ұшырамауы туралы пікір алыстық, бірігіп атқарар жұмыстарды талқылады.

Бұл жерде ақпараттық насихаттың да маңыздылығын айта кеткен орынды. Мысалы, әйелдер құқығын қорғау ұйымдарымен бірлескен жұмыстар кезінде біз әйелдер қандай да бір зорлық-зомбылықтың құрбаны немесе куәгері болған жағдайда 102 нөміріне, Дағдарыс орталығының 13-01 сенім телефонына, республикалық 150 сенім телефонына зорлық-зомбылыққа ұшырамауы туралы пікір алыстық, бірігіп атқарар жұмыстарды талқылады.

Бұл жерде ақпараттық насихаттың да маңыздылығын айта кеткен орынды. Мысалы, әйелдер құқығын қорғау ұйымдарымен бірлескен жұмыстар кезінде біз әйелдер қандай да бір зорлық-зомбылықтың құрбаны немесе куәгері болған жағдайда 102 нөміріне, Дағдарыс орталығының 13-01 сенім телефонына, республикалық 150 сенім телефонына зорлық-зомбылыққа ұшырамауы туралы пікір алыстық, бірігіп атқарар жұмыстарды талқылады.

– Осындай қым-қуыт жұмыстың арасында уақыт тауып сұхбаттасқаныңға рахмет! Сұхбаттасқан Гүлнәр МАҒЗҰМОВА, Алматы облысы

## Антына адал аға лейтенант

Төтенше жағдайға байланысты карантин кезінде тосқауыл бекеттерінде қызмет атқарған полицейлердің қай-қайсысымен тілдессеңіз де, олардың түрлі тосын оқиғалардың күәсі болып, шұғыл шешімдер қабылдағанын естіп-біліп жатамыз. Бүгінгі кейіпкеріміз Нұр-Сұлтан қаласы ПД полиция басқармасының мамандандырылған батальонының аға инспекторы, аға лейтенант Ерлан Исаевтың ерлігі өз алдына бөлек әңгіме.



**Әсел ЖАҚСЫБАЙ,  
Нұр-Сұлтан**

Полиция аға лейтенанты Ерлан Исаев Төтенше жағдайға байланысты карантин кезінде бас қаланың іргесінде орналасқан Қабанбай ауылы маңындағы тосқауыл бекетінде 75 күн кезекшілік қызмет еткен.

Айтудыңша, бекет Нұр-Сұлтан қаласына таяу орналасқандықтан полиция қызметкерлері ауысыммен тәулік бойы қызмет атқарған. Ерлан Жұмабайұлы көбінесе түнгі ауысымға түскен. Дегенмен түрлі жағдаймен жолға шығуға мәжбүр болатын жолаушылар үшін күн мен түннің айырмашылығы шамалы. Ауруы жанына батқан науқас, алыстағы жақынынан жайсыз хабар алғандар немесе ай-күні жетіп, босануға бара жатқандар – міне, мұндай жәйттерге бекетте көз ілмей тұрған тәртіп сақшылары куә болады. Сәйкестік пе, әлде заңдылыққа жатқызамыз ба білмеймін, Ерлан Исаев бекетте кезекшілік атқарған түні көбінесе толғағы қысқан әйелдерді әкеп тұрған. Қазір санап отырса, ай-күні жеткен бес ананы патрульдік көлігімен зуылдатып әкеп, перзентханаға топ еткізген екен.

– Әр түрлі жағдайлар орын алып жатты. Мәселен, біз тұрған бекеттегі көпірдің арғы бетіндегі Қабанбай, Рақымжан Қошқарбаев, Жалғызқұдық сынды ауылдарға жедел жәрдем тез арада жете қоймайды. Сондықтан аяқ астынан сырқаттанып қалған тұрғындар дереу қаладағы ауруханаларға өздері жетуге тырысады. Әрине, біз оларды тоқтатып, жолаушының жағдайын сұрап-білгеннен кейін уақыт созбай қалаға жетуіне көмек береміз. Мысалы, бір менің кезекшілігімде қан қысымы қатты көтеріліп кеткен апа, ит қауып алған жігіт, велосипедте аяғын жаралап, қансыраған кішкене қыз, қолын сындырып алып, шырқырап жылаған бала секілді оқиғалар әлі есімде. Дегенмен ең жиі кездескені – толғағы келген жүкті әйелдер. Өз кезекшілігімде тап болған бес әйелді перзентханаға жеткізген екенмін. Аман-есен босанып, аяқ-қолын бауырына алған аналар да, сәбилердің әкелері де кейін мені тауып алып, хабарлашып, алғыстарын жаудырып жатты. Мен полицей болмасам да, сондай жәйтке кезіге қалсам, қолымнан келгенше көмегімді аямас едім. Ал кәсібімнің өзі халыққа қызмет ету болғандықтан, бекетке шыбын жаны бебеулеп кеп тұрғандарды көргенде алды-артыңа қарауға мұрша болмайды екен, – дейді полиция аға лейтенанты Ерлан Исаев.

Талай Еламан, Жоламан, Аманжолдардың жол үстінде өмірге келгенін естіп жүрміз. Десек те, абзалы – аналардың ауруханада, дәрігерлердің көмегімен босағаны. Сондықтан сәбилердің жол үстінде туып қалмауы да Ерлан-ның дер кезінде таныта алған ерлігі деуге болады.

– Одан басқа оқыста аяғы, қолы сынғандарды, жарақат алғандарды ауруханаға жеткізгенше жарасын таңып, есінен танып қалғандарға алғашқы медициналық көмек беру де біздің міндетіміз болып табылады, – дейді Ерлан Жұмабайұлы.

Бүгінде өзі де бес баланың әкесі атанған қырықтың қырқасына шыққан атпал азамат қызметпен қатар, өмірлік тәжірибесі де шыңдалғанын айтып қалды.

– Мамыр айында бекет басына жеткен әйелді перзентханаға жеті минуттың ішінде алып келдім. Қабанбай тосқауыл бекеті мен Нұр-Сұлтан қаласының арасы 20 шақырымды құрайды. Жолаушымыз жолда әңгімемен алдаусыратып, ауруын ұмыттыруға барынша әрекет етіп қоямын. Бақсам, жүкті

шақырғанымда, қоңырауым алдымен облыс орталығына жетіп, ол жақтан әрі қарай әрекеттер жасалғанша, біршама уақыт жоғалтар едік. Жүкті әйел жол үстінде босанып қалуы әбден мүмкін. Бірақ басқа салса ондай жағдайда да қарап қалмаспыз, көліктегі алғашқы медициналық көмек көрсетуге арналған дәрі-дәрмек қобдишасына жүгінерміз, тек ондай жағдайға жетпесін деп тіледім. Бар мақсатым – ананы тезірек тиісті орынға аман-есен жеткізу болды. Есімде қалғаны, Айғаным және Ербол есімді ерлі-зайыпты мені тауып алып хабарласып, алғысын айтқанда шынымен де қуанып қалдым. Тіпті «Сәбидің есімін сіз қойыңыз, сізге тартсын, бізді ауылда бір үйім бар деп есептеңіз, тоқсандағы әкеміз сізге арнайы батасын беріп жатыр» деп қояды. «Сәбидің есімін сол абыз атамның өзі қойсын деп ол адамдардың шынайы ниетіне риза болдым», – дейді полиция аға лейтенанты Ерлан Исаев.

Ерлан полиция қызметіне де кездейсоқ келмеген. «Әке көрген – оқ жонар» демекші, әкесі Жұмабай да, әкесінің інілері де бәрі құқық қорғау саласында қызмет еткен.

– Бала күнінде үйге аз қонып, түзде елдің тыныштығын күзетіп жүретін дағды әкемнен жұқса керек, мен де отбасын сирек көретін отағасына айналып шыға келдім. Әсіресе, тосқауыл бекетінде өткен 75 күндік қызметімде бірыңғай түнгі ауысымда қызмет атқарғандықтан, үйге таңда ораламын. Балаларым ол кезде ұйқы құшағында жатады. Мен ұйықтап, тынығып алғаннан кейін кешкісін қайта жұмысқа кетемін. Балаларым мені қатты сағынып жүрді. Әрине, мен де сағынамын, бірақ отбасыма бұл менің жұмысым деп түсіндіремін, – дейді ол.

Полиция аға лейтенанты Ерлан Исаев қызметтік міндеттерін мүлтіксіз орындауымен қатар, адами зор қасиеттері үшін ҚР Ішкі істер министрі Ерлан Тұрғымбаевтың бұйрығымен арнайы грамотамен марапатталған. Бұл жолы Нұр-Сұлтан қаласы ПД басшысы генерал-майор Ержан Сәденовтің атынан «Карантин кезінде халыққа адал қызмет жасағаны үшін» арнайы алғысхат пен қолсағатқа ие болған.



Әріптестерінің айтуынша, Ерлан Жұмабекұлы парасатты, әділ және нағыз патриот тұлға. Қызметінен бос уақытында ол кітап оқығанды ұнатады, өйткені кітап оқу адамның өзін-өзі дамытуы үшін ең пайдалы әрі рухани демалыс сыйлай алады деп санайды. Одан басқа полицейдің сүйікті хоббиі де бар. Ол – нағыз ер-азаматқа тән билльярд ойнау мен бассейнде жүзу.

Өз мамандығына ерекше құрметпен қарайтын Ерлан еліміз үшін қызмет етуден еш жалықпаймын, – дейді.

**Суреттерді түсірген  
Медет ӘШІРБЕКОВ**

## Адамгершілік – адам жүрегінің айнасы

Әлемді алаңдатқан коронавирус індетінің таралуын болдырмау мақсатында жарияланған төтенше жағдай кезінде қауіпті індетпен бетпе-бет келген дәрігерлер мен полиция қызметкерлері болды. Тыныш кездің өзінде уақытпен санаспай жұмыс істейтін ішкі істер органдары қызметкерлерінің төтенше жағдай кезіндегі жұмысы тіптен қауырт болды. БДСҰ-ның жаңа вирусты пандемия деп жариялауына байланысты жарияланған карантин кезінде зорлық-зомбылық көрген әйелдер қаншама?!

**Гүлнәр МАҒЗҰМОВА,  
Алматы облысы**

Мұндай фактілер туралы БҰҰ бас хатшысы Антониу Гутерриштің өзі мәлімдеме жасап, алаңдаушылық білдірді. Карантинде ауыл ішінде жүріп-түру еркіндігі шектелгендіктен, моральдық жағынан да, физикалық жағынан да зорлық-зомбылық көргендердің дені – ірі қалалардағы әйелдер. Мысалы, карантин кезінде жер-жердегі «Тұрмыстық зорлық – зомбылық құрбандарына арналған дағдарыс орталығынан» көмек сұрайтын әйелдер саны көбейген. Күйеуінің соққысынан қашқан әйелдерді айтпағанда, баласынан жапа шеккен қария да, ата-анасының ұрып-соғуынан қашқан балалар да осындай орталықтарды паналады. Мұндай орталықтардың мамандары тәртіп бойынша зорлық көрушілерді тек полицияның нұсқауы бойынша қабылдайды екен. Ендеше, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа ұшырағандарға ең бірінші көмек қолын созатындар – полиция қызметкерлері. Ал барлық аудан орталықтарында зорлық көргендерді паналататын дағдарыс орталықтары жоқ екенін ескерсек, кейде тәртіп сақшылары тығырықтан өздері жол тауып шығып жатады. Оған Алматы облысы Талғар ауданының Қызылту-3 ауылында болған оқиға дәлел. Бес баласы бар ауыл тұрғыны күйеуінен бұрын да таяқ жеп жүргенімен, карантин кезінде ашуы кемерінен

асып тұратын еркек енді 15 жастағы қызына да қол көтерген соң көмек сұрап, түн ортасында полицияға хабарласқан. Оқиға орнына келген Талғар ауданы Полиция басқармасының «Бүркіт-232» экипажы жәбірленушілерді түн ішінде қайда орналастыратынын білмей, дағдарды. Экипаж мүшелері полиция капитаны Д. Бақбергенов, полиция кіші лейтенанты Ф.Оразғалиев және полиция лейтенанты Д.Сұлтанбеков өзара ақылдасып, әйелді балаларымен бірге алып кетуді ұйғарады. Олардың ішінен суырылып шыққан Данияр Сұлтанбеков төрт баласы мен әйелді дағдарыс орталығына орналастыру үшін құжаттарын әзірлегенше, өз пәтеріне паналата тұруға шешім қабылдайды. Жәбірленуші әйелдің үлкен қызы әкесінен қорқып, карантинге қарамастан Іле ауданында тұратын туыстарына қашып кеткен екен. Тығырықтан осындай жолмен шығуды ұйғарған экипаж мүшелерінің сол күні бір қылмыстың алдын алғаны анық.

Елімізде жарияланған төтенше жағдай полиция қызметкерлерінің кәсіби біліктілігін ғана емес, адамгершілік қасиеттерін де сынға салған кезең болғаны рас. Сондай сыннан сүрінбей өткен полиция қызметкерлерінің бірі – Талғар ауданы Полиция басқармасы патрульдік полиция бөлімінің қызметкері, полиция лейтенанты Данияр Сұлтанбеков.

## Тәрбиеге көнбейтін бала болмайды

«Өзіңнен баста» жасөспірімдердің жазғы уақытын ұйымдастыру жобасы аясында «Бала – біздің болашағымыз» атты қалалық семинар-тренинг ұйымдастырылды.

**Гүламан ИСМАҒҰЛОВА,  
Орал**

Девиантты мінез-құлықты балаларды әлеуметтік жауапкершілікке үйрету, ынтымақтастық өзара көмек және мейірімділік сезімдерін ояту, мемлекеттік құрылымдардың, қоғамдық, үкіметтік емес іскер топтардың күштерін біріктіру арқылы оқушыларды ортаға бейімдеу, әлеуметтік маңызды құндылықтарына қол жеткізуіне және ішкі әлеуетін ашуға көмектесу мақсатын ұстанған семинарға Орал қаласы ПБ, Абай мен Шаған Полиция бөлімінің есебінде тұрған жасөспірімдер қатысты.

Шарада сөз алған Орал қаласы әкімдігі білім беру бөлімінің «Мектептен тыс жұмыс орталығының» директоры Шаттық Өтебалиева аталмыш орталыққа алты мыңға жуық бала келіп, шығармашылық, спорттық және интеллектуалдық үйірмелерге белсене қатысатынын атап өтті. Ол шараның маңыздылығына тоқталып, аталған мекеме – достық орталығы болып табылатындықтан жасөспірімдерге еркіндік бере отырып, көпшілікті пікір таластыру, ой жарыстыруға шақырды.

Ол әлеуметтік педагог, психолог, мектеп инспекторы, дәрігер сынды мамандарды және қалалық білім беру бөлімінің, қалалық оқушылар мен жастар сарайының өкілдерін, еріктілерді іс тәжірибе алмасуға үндеді.

Іс – шара барысында жасөспірімдер екі топқа бөлініп, swot analysis тренингі өтіп, психология бөлімесінде сауалнама жүргізілді.

«Жетістікке алғашқы қадам», «Батыл бол» тақырыптарымен БҚО әкім аппаратының «Қоғамдық келісім» ҚКМ жанындағы «Достық» клубының, «Патриот» қоғамдық спорт клубының жетекшісі, спикер Талғат Чудобаев, облыстық жастар ресурсы орталығының басшысы, спикер Нұркен Мейірбек кеңес берді.

Жасөспірімдерге би залында брейк-данс биінің шебер жігіттері өнер көрсетті, жасөспірімдер арасында жүргізілген сауалнама қорытындысы шығарылып, мамандар өз бағаларын берді.

Соңынан жасөспірімдерге арналған тәтті шәй дастарханы жайылып, үстел басында ересектер мен жеткіншектер еркін пікір алмасты.

Көмелетке толмағандардың әрбірінің ішкі ойы мұқият тыңдалды. Олар көкейлеріндегі армандары, қандай спорт түрін сүйетіндіктері жайлы айтып берді.

Жасөспірімдердің жақсы азамат болып қалыптасуына септігін тиісетін мұндай кездесулерді алдағы уақытта педагогтар мен тәртіп сақшылары бірлесіп ұйымдастыруға келісіп, өзге де бала тәрбиесіне жауапты құзырлы ұйым өкілдері шақырылатынын айтты.

# Құқықтық мемлекет қағидатында

## (Польша мен Германияның түрме жүйесін реформалау тәжірибесі)

(Соңы. Басы газеттің өткен санында)

Бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны орындау ашық және жабық түрмелерде жүзеге асырылады. Ашық үлгідегі мекемелерде қысқа мерзімге сотталғандар ұсталады.

Ұзақ мерзімді (5 жылдан 15 жылға дейін), орта мерзімді (5 жылға дейін), қысқа мерзімді (бір күннен алты аптаға дейін) болып жіктелетін қамауға алу мерзімдері қызығушылық тудырады. Жазаның жоғары шарасы – өмір бойы қамауға алу, бірақ мерзімнің үштен екісін өтегеннен кейін ол 15 жылға дейін қысқартылуы мүмкін.

Біздің бұрынғы арнайы комендатураларымызға ұқсас ашық түрмелер бар (міндетті түрде еңбекке тарту арқылы бас бостандығынан айыруға шартты түрде сотталғандар үшін).

Ашық мекемелердің ерекше нысаны құрылған «өтпелі үйлер» болып табылады, онда мерзімі аяқталғанға дейін 6-12 ай бұрын сотталғандар бостандықта өмір сүруге жылдам бейімделу мақсатында жіберіледі. Бас бостандығынан айырудың жалпы мерзімі кемінде үш жыл болуы тиіс. Осы түрмелердегі сотталғандарды қадағалау мерзімді бақылаумен шектеледі. Сотталғандар қарапайым азаматтар ретінде кәсіпорындарда жұмыс істей алады немесе оқи алады. Мекеме әкімшілігінің көмегімен жұмыс істейтін сотталғандар жұмыс берушімен еңбек шартын жасасады және толық тариф бойынша жалақы алады. Алайда олар түрмеде өзінің ұстауын толық төлеп, мүмкіндігінше зардап шегушіге келтірілген залалды толықтыруы тиіс.

Бізге тағы екі ерекше түрме бар екендігі айтылды. Біріншісі – Хюфельд қаласындағы жеке түрме. Тендер ұтып алған «Серео» компаниясы қазір тек 500 адамды тұрмысымен және жұмысқа орналастырумен айналысады. Қауіпсіздікті қадағалауды қадағалаушылар – мемлекеттік қызметшілер жүзеге асырады. Жанжалды жағдайлар

тетін персонал, олардың 360-ы айырым белгілерісіз біріздендірілген нысанды киім киеді, төрт дін қызметшісі, бес психолог, алты мұғалім, үш дәрігер және он сегіз әлеуметтік қызметкер бар. Соңғы жұмыс істеп тұрған мекемелер 70-жылдары халықаралық стандарттар негізінде әзірленген ұлттық талаптарға сәйкес салынған. Мысалы, оларға сәйкес мекеменің оңтайлы лимиті 800 адам болып саналады, бір адамға арналған камераның ауданы – 9-11,5 шаршы метр, режимдік корпустың қабаттылығы үш қабаттан аспауы тиіс, корпуста дуалға дейінгі қашықтық кемінде 20 метр, периметр бойынша биіктігі алты метр болатын арнайы тордан жасалған дуалдар, олардың алдында сыртқы жағынан ені екі және тереңдігі бір метр болатын ор бар.

Қазіргі уақытта Берлиннен алыс емес жерде австриялық құрылыс компаниясының жобасы бойынша (118 млн.евро) жаңа түрме құрылысы жүргізіліп жатыр.

Түрмелердің көбі инженерлік-техникалық күзету құралдарымен күзетіледі, тек қана ерекше қауіпті қылмыскерлер үшін мекеме ғана қарумен күзетіледі.

Ұстау жағдайларына қатысты. Заңнамаға сәйкес әр түрме тәртіпті сақтау және өзін-өзі басқару бойынша сотталғандардың бірлестіктерін құруға талпынуы қажет. Әр бөлімше осы топқа өз бетінше «спикер» тағайындайды, ол әкімшілікпен барлық келіссөздерді жүргізеді.

Түрмелерде түрмеге және кез келген сотталғанға кедергісіз кіруіне рұқсаты бар қоғамдық өкілдердің консультативтік кеңесі қызмет етеді. Кеңес мүшелері айына бір рет түрмеде жеке сұрақтары бойынша қабылдау жүргізеді. Сотталғандардың барлық хат алмасулары бақыланады, бірақ шағым цензурасына заңмен тыйым салынған.

Сотталғанға және тергеуге алынғанға жұмыс берілуі мүмкін. Өздерінің еңбекпен тапқан қаражаттарына кітаптарға, журнал-



мелердің директорлары осындай бөлмені пайдалануды жақтайды.

«Ашық» түрмеге ауыстыруға немесе босатуға даярлау жүйесі қызығушылық көрсетеді. Бірінші ретте сотталған түрменің қақпасынан әлеуметтік қызметкермен бірге шығады. Ол автобуста жүріп: дүкендерге, дәмханаларға және т.б. барып шығуы тиіс. Екінші ретте ол жалғыз өзі шығады. Үшінші әрекет талпыныс – қысқа мерзімді демалыс.

Бұл жерде Германияда сот төрешісі ауырлығы айтарлықтай болмайтын қылмыс бойынша үкім шығарарда қылмыскер түрмеге міндетті түрде жазасын өтеу үшін өз бетімен келуі тиіс, мерзімді белгілейтінін айта кету қажет.

Еңбекті ұйымдастыруға қатысты. Сотталғандар үшін жұмыс істеу міндетті болып табылмайды. Бірақ бас бостандығынан айыруды орындау жүйесіне пәрменді еңбекті ынталандыру іріктірілген. Мекемелердің дүкендерінен заттарды сатып алу тек қана жаза өтеу кезінде тапқан қаражатына ғана рұқсат етіледі.

Жергілікті билік түрме өндірісінің жабдықталуын, өнеркәсіптік базасын жаңғыртуына және қайта құруын қаржыландырады, бірақ әкімшілік негізінен сотталғандардың күштерін жақтайды. Оларға ішкі жұмыс берушілерге олардың компаниялары үшін қолайлы жағдайлар да (еңбек ақысының төмендетілген мөлшерлемесі, талап етілетін жұмысшылар санын жұмысқа қабылдау мүмкіндігі және қажет ететін адамдарды іріктеу)керек. Сотталғандардың еңбек ақысын фирмалар түрмелерге емес, олардың ұсталуы қаржыландырылатын жерлердің бюджеттеріне аударылады. Осылайша мекеменің кірісі сотталғандардың еңбек ақысынан жанама тәуелді, бірақ болмашы бөлігінде ғана: түрмелерді ұстау шығындарынан осы түрдің кіріс түрі 15% -ға орнын толтырады.

Сотталғандар түрменің әкімшілігінен еңбектері үшін марапаттаулар алады. Осы сомада сотталған оқушылар және мамандыққа оқып жатқандар марапаттаулар алады.

Германияның түрмелік жүйесі сотталғандардың кәсіптік дайындығына ерекше назар аудартады, көбінесе босатылған кезде болашақтағы еңбек қызметін барынша көздеуге тырысады.

Түрмедегі сотталғандардың кәсіптік даярлық бағдарламасы жергілікті биржа еңбегімен үйлестіріледі және олардың тікелей қатысуымен жүзеге асырылады. Босатуға жарты жыл қалған кезде бостандық режимінің бөлімшесіне ауыстырады және ол еркіндікте жүріп жұмыс іздеумен айналысады. Әкімшілік түнгі клуб немесе жүйелі маркетинг секілді күмәнді орындардың болмау қажеттілігін қадағалайды. Тек қана әлеуметтік түрме қызметкерімен жұмыс беруші келісім-шартқа қол қойғаннан кейін ғана жұмыс берушімен келісім-шарт күшіне енеді.

Неміс түрмелеріндегі сотталғандар өздерінің еңбек ақыларының 1/3 бөлігін иелене алмайды, ол белгіленген минималды

сомаға дейін жинақталады, бұл қаражат сотталушы босатылғаннан кейін алғашқы айларда жеткілікті түрде өзін және отбасын қамтамасыз ету (бастапқы капитал) үшін қажет. Бұл жинақтаулар борышты, талапты және басқа да сотталғандардың міндеттерін өтеуге алынбайды. Егер сотталған адам жаза өтеу мерзімінде талаптарды өтемесе, қалған сомаларын ол босатылғаннан кейін тұрақты еңбек ақысы бар жұмысқа орналасу кезінде өтейді.

Тамақтандыру. Мәзір нәрлілігімен ғана емес, сонымен қатар белгілі бір таңдаулылығымен ерекшеленеді. Мысалы, таңертең сотталғандарға ботқа ғана емес, йогурттар мен салаттар, сонымен қатар ақ сүтті мюнхендік немесе баварлық кептірілген шұжықтар ұсынады. Онымен қоса жұмыртқа немесе омлет беріледі.

Мұсылмандар үшін шошқасыз тағамдар ұсынылады. Жеке мәзір вегетарианшылар үшін де қарастырылған.

Медициналық қызмет көрсету. Түрмелік лазареттер жақсы жабдықталған. Ережеге сәйкес онда бір-екі штаттық дәрігер және бірнеше медбикелер жұмыс істейді. Ал қалғандары азаматтық клиниканың (көз, тіс дәрігері) бейінді мамандары жазба бойынша белгіленген күндері емделушіні қабылдайды. Орта есеппен алғанда 20 сотталғанға бір психологтан келеді, ол сауықтыру бағдарламасы шеңберінде есірткі, ішімдік, отбасы өмірінің мәселелерімен қамқорлықтағы адамдармен жұмыс жасайды. Жұмыстан бос уақытында сотталғандар орташа білім алуына, компьютерлік курс бітіруге, кітапханадан кітаптар оқуға немесе спортпен шұғылдануға мүмкіндіктері бар.

Тек жаттықтыратын залда ғана емес, барлық барған түрмелерде стадиондар болмаса да, ең аз шамасында теннистік корттар бар.

Кадрлар. Орташа есеппен алғанда пенитенциарлық мекемеде екі сотталғанға бір қызметкерден келеді.

Жұмысшылар салық төлемі мен басқа да ұстап қалулардан бөлек 1600-ден бастап 2500 еуроға дейін алады.

Зейнетақы төлемдерінің мөлшері жылдың соңы орташа еңбек ақысынан 75% -ды құрайды.

Осылайша Германияда көргенімізге қоғамның даму деңгейімен қатар кезең-кезеңмен ұмтылуымыз қажет. Польшаның мәселелері біздің жағдаймен ұқсас болды. Түрмелік реформаны өткізу үшін оларда да біздің мүмкіндіктеріміз сияқты мүмкіндіктер бар, бірақ олар өзгерістер өткізіп, нәтижелерге жетті. Менің ойымша, біздің қоғамның барлық топтары түйінді мәселені, былайша айтқанда, сотталғандар арасында қылмыстардың алдын алуда оларды әлеуметтендіру және жалпы қылмыстық-атқару жүйесінің реформаларын шеше алады.

Нұрлан БИЕКЕНОВ,  
ҚР ПМ Ш.Қабылбаев атындағы  
Қостанай Академиясының бастығы,  
заң ғылымының докторы, доцент



туындаған жағдайда азаматтық қызметкерлер дабыл сигналын беру батырмасын баса алады.

Екінші түрме – егде жастағы адамдарға арналған (халықтың қартаюына байланысты), жапоннан көшірілген, көбінесе қарттар үйін еске салады.

Түрме салу тәжірибесі қызықты. Неміс түрмелерінің дәстүрлі режимдік үй-жайлары 19-ғасырдан бастап «крест» типі бойынша салынады, бұл қызметкерлерді тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Сонымен қатар 1950 жылы Кельн қаласында «тараққа» ұқсайтын сұлба бойынша түрме салынды: жалпы ұзын өтпе жол және 1100 адамға арналған корпустардың шоғыры бар. Мұндай жоспарлау қамаудағыларды ересектер, жастар, әйелдер, тергеудегі және сотталған санаттары бойынша нақты саралауға мүмкіндік береді. Онда барлығы бірыңғай кешенде 200 орындық шіркеу, спорт залы, кітапхана, ас үй, медициналық бөлім, дүкен, өнеркәсіптік шеберханалар бар. Түрмеде 500 адамдық қызмет көрсет-

дар мен газеттерге, соның ішінде заң әдебиеттеріне, сонымен қатар қосымша тамақ өнімдеріне, жеке басының тұтыну заттарына тапсырыс бере алады. Шектеулі шамада сотталғандарға камераны безендіруге және жиһаздауға (электрлік және санитариялық құрал-жабдықтарын қоспағанда) рұқсат етілген.

Мәселелер де баршылық, негізгісі – есірткі. Осы ауыр сырқатпен ауыратын сотталғандардың пайызы есірткінің ену жағдайы сияқты айтарлықтай жоғары. Оның келіп түсу каналдарын орнату қиын, оның үстіне түрмелерде ешқандай жедел жұмыстар жүргізілмейді. Дәл есірткіні қолданумен өз-өзіне қол жұмсау және әкімшілікке мойынұсынбау әрекеттеріне байланысты. Осыған ұқсас жағдайлар үшін түрмелерде карцерлер және былайша айтқанда, қолкісендермен және кісендермен, еденге ағаш төсеніш төселген камера-тыныштандыратын бөлмелер бар. Заңнама дәрі-дәрмекпен «тыныштандыруға» да рұқсат етеді, дәрігерлердің көпшілігі және түр-



**Жұдырықтай жүрегіне жылылық пен ұлылық ұялаған әйел – өмірдің мәні, тіршіліктің сәні емес пе?! Нәзік жандардың қоршаған ортада алатын орны ерекше. Әйел – алдымен отбасының ұйытқысы, ең бастысы «ана» деген киелі ұғымның иегері, сұлулық пен нәзіктіктің символы.**

**Ертүған ӘУБӘКІР,  
Орал**

Бүгінде аруларымыз қоғамдағы барлық жауапты қызметтерді ер-азаматтармен бір деңгейде атқарып жүргеніне куәміз. Әр салада өзінің ісін дөңгелетіп жүрген әйелдер еліміздің әлеуметтік экономикалық дамуына үлкен үлес қосуда. Солардың бірі – Ұлттық ұлан әскеріндегі әйел-азаматшалар. Әскери салада еңбектеніп жүрген нәзік жандардың жұмысы тиянақтылықты және ұқыптылықты қажет ететіні әуелден-ақ белгілі.

Бүгінгі әңгімеміздің кейіпкері – кәсіби маман, әріптестері ортасында еңбекқорлығымен қадірлі, Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының «Батыс» өңірлік қолбасшылығының тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстары басқармасының қоғаммен байланыс жөніндегі аға офицери, майор Жамал Мұқышева.

Тектілігі тереңге тамырланған қазақ халқы бала тәрбиесіне ерекше назар аударған, оның рухани жағынан бай болып өсуіне баса көңіл бөлген. Хәкім Абай айтқандай, адамның жақсы болуы тегіне ғана емес, тәрбиесіне де байланысты. Бүгінгі кейіпкеріміз текті де тәрбиелі, көпбалалы шаңырақта тәрбиеленген.

Жамал Сәлімқызы 1975 жылы Солтүстік Қазақстан облысындағы Сергеевка ауданына қарасты Көктерек ауылында дүниеге келген. Жамалдың әкесі Сәлім ерте 17 жасында өзінің болашақ жарын кезіктіріп, отау құрған екен. Өмірдің сынағы ма, не тағдырдың тауқыметі ме, кім білсін, ерте отбасын құрған Сәлім мен жұбайы он

## Қайсарлық қыздарға жарасады

жылдан аса уақыт перзент сүйе алмайды. Отағасы үлкендердің аузынан «Пешенеңе жазылғанын көрерсің», «Тағдыр ғой» деген сөздерді жиі естиді. Десе де, бұл өмірдің сынағы шаңырақтың шайқалуына, отбасының ажырап кетуіне себепші болмады. Сәлім отанасымен ақылдасып, бір сәби асырап алуды жөн көріп, алыс туыстарының Күлмәш есімді қызын бауырларына алады. Оны өздерінің туған баласындай жақсы көріп, тәрбиелейді.

Уақыт өте қыздары Күлмәш осы әулетке сіңісіп, мектепке баратын жасқа жетеді. Ол екінші сыныпта оқып жүргенде, бұл отбасына шын бақыт сыйлаған екен. Ол – Сәлімнің зайыбының жылдар бойы зарығып күткен бір шаранаға жүкті болуы еді. Сөйтіп Күлмәшті өзінің ата-анасына қайтарып береді. Халқымыздың «Шыдамдылық шын қуанышқа жеткізер» деген даналық сөзі бар. Тағдыр біраз сыға салған отбасының тұңғышы Ботагөз есімді қыз да көп күттірмей дүние есігін ашып, қуанышқа кенелген ерлі-зайыптылар өмірлеріндегі ең бақытты сәтті бастан кешеді. Арада жылдар өткенде олардың қуаныштары еселеніп, тұңғыштарының соңынан ұл-қыздар еріп, Сәлімнің жұбайы он үш баланы дүниеге әкеледі.

Қиын кездерде жолдасына тірек болып, өмірдің сынағына сынбай, арман-мақсатына жету жолында соңына дейін күрескен батыр анамыздың есімі – Орынтай Әубәкірқызы. Сәлім әке мен Орынтай ана отбасы – бала тәрбиесіндегі ең алғашқы ұжым екенін түсініп, туған үйдің жылуы мен тәрбиесі ұл-қыздарының көкірегінде мәңгі сақталатындай етіп тәрбиелеуге тырысады. Біздің кейіпкеріміз Жамал – осындай текті де тәрбиелі шаңырақтың он үшінші сәбиі.

Ол үйінің ең кенжесі болса да, кішкентайынан өте алғыр, бауырмал болып өседі. Бес жасқа толғанда оны әкесі Ташкент қаласында тұратын үлкен апасына қонаққа алып барып, сол үйге тастап кетеді. Сондағы ойы – шет жерде жүрген апасына серік болсын, қамқор болсын дегені болатын. Сол үлкен апасының қолында тұрған кейіпкеріміз 1982 жылы Ташкент қаласы Зарбдар ауданының №14 орыс орта мектебінің 1-сыныбына барады.

Бұл кезде Жамал мүлдем орыс тілін түсінбейтін еді. Алайда оны орыс сыныбына беруге әкесінің «Қызым екі тілді бірдей меңгеріп, жақсы қызмет атқарсын» деген ізгі тілегі түрткі болған екен. Алғашқы күннен-ақ Жамал өзінің тәрбиесімен, көркем жазуымен, алғырлығымен ұстаздарының ықыласына бөленіп, орыс тілін де тез меңгеріп алады. Осылайша мектептегі үздік оқушылар қатарына еніп, тоқсан қорытындысы бойынша мадақтама қағаздарымен марапатталады.

Демалыс кезінде туған жері Көктерек ауылына жол тартатын кейіпкеріміз өзімен бірге күнделіктерін, табельдерін ата-анасына көрсету үшін алып келеді екен. Оны асыға күтіп жүретін әке-шешесі қыздарының кішкентай ғана жетістіктерін, мадақтама қағаздарын көріп, бір марқайып қалатын.

Осылайша Жамал 9 сыныпқа дейін сол апасының қолында тәрбиеленіп, білім алады. Ал 1990 жылы туған жеріне, ата-анасының қасына қайта оралып, 10-11-сыныпты Ибраев ауылының мектеп-интернатынан бітіріп шығады. Әр мектеп бітіруші жас түлектің алдында «Қандай маман иесі боламын?» деген сұрақтың тұратыны анық. Ал Жамал бала күнінен үлкен ағасы Жұмалы секілді полиция қызметкері болуды армандайтын еді. Бірақ ата-анасы қыздарының бұл ойымен келіспей, қарсылық білдіреді. Ешбір ата-ана өз баласына жамандық ойламайтынын түсінген Жамал олардың ақылын тыңдап, 1994 жылы Петропавл қаласындағы Солтүстік Қазақстан университетінің тарих-филология факультетінің қазақ тілі және әдебиеті мамандығына оқуға түседі. Студенттік жылдарда КВН ойындарына қатысып, университетте өткізілетін іс-шараларға белсене атсалысып, әрі озат әрі озат студенттердің қатарында жүреді. 1999 жылы жоғары оқу орнын тәмамдаған жас маман Астана қаласындағы №25 мектепке өз мамандығы бойынша жұмысқа қабылданады. Мұғалім болып аз уақыт жұмыс жасаса да, кейіпкеріміз оқушылардың сүйікті ұстазына айналып үлгереді. Кейін өзінің алғашқы қызметімен, ақылды да білімді шәкірттерімен қоштасуға тура келеді. Одан әрі білімін дамыту мақсатында Алматы қаласындағы «Новый метод» тілдерді үйрету және тілді дамыту орталығына ауысады.

Жамалдың басты мақсаты – тіл білмейтіндерге, шетелден келген студенттерге, қонақтарға тіл үйрету еді. Сонымен қатар «Новый метод» орталығының басшысы Ираида Кубаеваға қазақ тіліндегі «Просто о невероятно сложном» кітабын жазуға жәрдемдеседі. Осы мекемеде бір жылдай қызмет атқарған Жамал Сәлімқызы 2001 жылы отбасы жағдайына байланысты жұмыстан шығып, туып-өскен жеріне оралады.

Петропавл қаласына келісімен, оның өмірі жаңа арнаға бағыт алады. Ол кезде Сәрсенбі есімді ағасы майор шеніндегі РЭУ бастығы болатын. Ол Петропавлда орналасқан ІІМ ішкі әскерінің 6637 әскери бөліміне аудармашы қажет екенін анықтап, қарындасын әскери қызметке әзірлейді. Бұл ұсынысты Жамал қуана қабылдайды, себебі әскери форма кию оның бала күнгі арманы

еді. Сөйтіп, 6637 әскери бөліміне жұмысқа тұрған кейіпкеріміз сол жылы қараша айында әскери қызметке шақырылып, қатардағы жауынгер атанып, Әскери ант қабылдап, штаб аудармашысы қызметіне кіріседі.

Жамал Сәлімқызы өзінің жұмысын жасап қана қоймай, әскери бөлімнің қоғамдық өміріне де белсене араласады. Сарбаздармен жұмыс жасауға қызыға кіріскен білікті маман демалыс күндері қазақ тілін дамыту мақсатында қара сөздер оқудан, Абай өлеңдерін жаттаудан түрлі жарыстар ұйымдастыратын еді. Сол жылдары әскери бөлімдерде әскери қызметшілердің, офицерлердің аздығына байланысты аудармадан бөлек әскери қызметшілерге қосымша мемлекеттік тілден сабақтар жүргізіп, оларға мемлекеттік тілді меңгеруге көмектеседі. Өзінің іскерлігімен, тапқырлығымен, қызметіне адалдығымен командирлердің көзіне түскен аудармашы ТжӘҚЖ бөлімі бастығының мемлекеттік тілді меңгерудегі аға көмекшісі лауазымына тағайындалып, лейтенант шеніне қол жеткізеді. Өз міндетін абыроймен атқарумен бірге әскери бөлімдер арасындағы мемлекеттік тілді меңгеру жарыстарынан жұлдемен оралып жүрді.

2006 жылы осы салада өзінің болашақ жарын кезіктіріп, тұрмысқа шығып, отбасын құрады. «Әскери адам боламын» деген балалық арманы ақиқатқа айналып, әскери отбасының жылуына айналады. Жолдасы, подполковник Евгений Торорощенко екеуі қызмет бабымен көптеген қалаларда болып, бірнеше лауазымды абыроймен атқарады. Бүгінде олардың көркі ақылға сай, тәрбиелі де білімді Дайана, Дanelи, Артур есімді ұл-қыздары бар.

Бала кішкентайында көрген-түйген дүниелерін кейін өзінің шағын Отанына алып баратыны, балаларына үйрететіні хақ. Жамал да өзінің анасынан алған тәлімін ұл-қыздарының бойына дарытты. «Отан отбасынан басталады» деген даналық тегін айтылмаса керек.

Адам баласы үшін Отаннан кейінгі қасиетті ұғым – отбасы. Ол – әр адамды дүниеге әкеліп, қанатын қатайтып, өмірдің ақ-қарасын үйрететін алғашқы орта. Сондай ордан түлеп ұшып, балалық арманына жеткен Жамал Мұқышева қазіргі таңда Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының «Батыс» өңірлік қолбасшылығы ТжӘҚЖ басқармасының (қоғамдықпен байланыс жөніндегі) аға офицери лауазымын абыроймен атқарып жүр.

Ал анасы Орынтай әже – алтын алқа иегері, еңбек және тыл ардагері. Екі мәрте Батыр ана атанған әжей 13 баладан 35 немере, 26 шөбере сүйіп, солардың қызығына бөленіп отыр.

## Аса ірі мөлшердегі ұрлықты ашты

Өткен жылдың қыркүйегінде Жезқазған станциясындағы Желілік полиция бөлімшесіне жүк пен қол жүгін қабылдап-тапсырушыдан «Жіңішке-Алашанькоу ҚХР» бағытында жөнелтілетін жүк поездының 3 вагонынан жалпы салмағы 85 тоннаны құрайтын 77 бигбеге «феррокорытпа» жүгінің жетіспейтіндігі туралы хабарлама келіп түсті. «Хром» АҚ-на 31 млн теңге сомасында материалдық шығын келтірілген. Бұл туралы ҚР ІІМ Көліктегі полиция департаменті бастығының орынбасары Нұржан Алибаев айтты.

**Ләззат ҚАСЫМЖАНОВА,  
Нұр-Сұлтан**

Оның айтуынша аталған факт ҚР ҚК-нің 188-бабы 4-бөлігі 3-тармағы, яғни, аса ірі мөлшердегі ұрлық фактісі бойынша Қарағанды-Сурыптау станциясындағы желілік полиция бөлімінде Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімінде тіркелген.

Сонымен қатар, Н.Алибаев жедел-іздістіру іс-шарасының барысында Қарағанды облысының 24-33 жас аралығындағы бес тұрғыны анықталып, ұсталғанын айтты. Олардың арасында «Әскерлендірілген темір жол күзетінің» күзетшісі де болған. Ол жүк вагондарының Жезқазған станциясына келу уақыты туралы хабарлаған.

– Көлік полицейлері жүктердің сақталуын қамтамасыз етуге тиіс темір жол ұйымдары қызметкерлерінің өздері жасайтын ұрлық фактілерінің кездесіп жататынын тілге тиек етті. Мәселен, жыл басынан бері жылжымалы құрамдардан жүк ұрлағандары үшін

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның 5 қызметкері және «ӘТЖК» АҚ-ның 3 қызметкері ұсталды, – деді полиция полковнигі.

Аталған қылмыс бойынша ұсталғандардың айтуынша ұрланған жүк салынған қаптарды тиіп, оларды Қарағанды қаласына дейін тасымалдау үшін алдын ала үш автокөлік пен «Камаз автокран» автокөлігін жалға алған.

– Жүргізілген тергеу жұмыстары нәтижесінде ұсталғандардың кінәсі толық дәлелденіп, Қарағанды облысы Жезқазған қалалық сотының үкімімен жоғарыда аталған құқықбұзушылар қылмыс жасағаны үшін кінәлі деп танылып, оларға 5 жылға шартты сынақ мерзімімен бас бостандығынан айыру түріндегі жаза тағайындалды, – деді Н.Алибаев.

Сондай-ақ, ол ағымдағы жылдың басынан бері департаментте 211 бөтеннің мүлкін ұрлау, оның ішінде 16 жылжымалы құрамнан жүк ұрлау тіркелгенін атап өтті. Қылмыстардың жалпы ашылуы 81,6%-ды құрайды.



Атырау облысы Полиция департаментінің басшылығы мен жеке құрамы Ішкі істер министрлігінің баспасөз қызметінің ардагері, полиция подполковнигі

**Раушан Естайқызы Қыпшақбаеваның**

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты отбасы, туған-туыстарына орны толмас қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

